

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 желтоқсандағы N 1269 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап . Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 жыл, N 13, 99-құжат, 2005 жыл , N 9 , 26 - қ ұ ж а т) :

1 2 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. "Тарихи-мәдени мұра объектілері, оның ішінде тарих және мәдениет ескерткіштері орналасқан жер телімдері тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер деп т а н ы л а д ы . " ;

2 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін тәртіп бойынша тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерде қорғалатын аймақтар, құрылыс салуды реттеу

аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары белгіленеді."; мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Тарихи-мәдени мұра объектілерінің күзет аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тиісті жергілікті атқарушы органдары айқындайды.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган аталған аймақтар шегінде кез келген шаруашылық қызметті шектеуі мүмкін".

2. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 жыл, N 15, 363-құжат; 1995 жыл, N 20, 120-құжат; 2004 жыл N 23, 142-құжат):

1) атауында және мәтін бойынша:

1, 2-баптарда, 11-баптың үшінші бөлігінде, 3 және 8-бөлім атауларында 16, 17 және 42-баптардағы "тарихи-мәдени мұра", "тарихи-мәдени мұраға" деген сөздер "тарихи-мәдени мұра объектілерін", "тарихи-мәдени мұра объектілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-баптың бірінші бөлігінде, 7-баптың екінші және үшінші бөліктерінде, 12-баптың төртінші бөлігінде, 15 және 37-баптарда "ескерткіштерді", "ескерткіштер", "ескерткіш", "ескерткішін" деген сөздер "тарих және мәдениет ескерткішін", "тарих және мәдениет ескерткіштерін", "тарих және мәдениет ескерткіші", "тарих және мәдениет ескерткішін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптың үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіші құқықтық мәртебесін бекіту;

тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау саласында мемлекеттік билік органдарының жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін регламенттеу;

3) 3 және 4-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алдын-ала есепке алу тізімі - тарих және мәдениет ескерткіштерінің мәртебесін беру мақсатында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізімі;

2) ансамбльдер - анық оқшауландырылған тарихи қалыптасқан аумақтарда оқшауланған немесе біріккен ескерткіштер әскери-инженерлік құрылыс, сарай, тұрғын үйлік, қоғамдық, әкімшілік, сауда, өндірістік, ғылым, оқу мақсаттарындағы құрылыстар мен ғимараттар топтары, сонымен қатар діни сипаттағы ескерткіштер мен құрылыстар,

оның ішінде қалақұрылысы ансамбльдеріне жатқызылуы мүмкін тарихи жоспарлаулар мен елді мекен құрылымдар үзінділері;

3) археология ескерткіштері - тұрақтар, қалашықтар, қорғандар, ежелгі қоныстардың, бекіністердің, өндірістердің, арналардың, жолдардың қалдықтары, жерлеулердің ежелгі орындары, тас мүсіндер, жартастағы бейнелер мен жазбалар, ежелгі елді-мекендердің тарихи-мәдени қабатының телімдері және ежелгі адамның өмірі мен тіршілігінің белгілері бар өзге де жерлер;

4) қала құрылысы мен сәулет ескерткіштері - сәулет ансамбльдері мен кешендері, тарихи орталықтар, кварталдар, алаңдар, көшелер, ежелгі орналастырулар мен қалалар құрылыстарының және басқа, елді-мекендердің қалдықтары; азаматтық, тұрғын, өнеркәсіптік, әскери, табыну сәулет өнерінің, құрылыстары, сәулет өнерінің құрылыстары, сондай-ақ олармен байланысты монументалды, қолданбалы-сән және саяжай-бақ өнерінің туындылары, табиғат ландшафтары;

5) қорғау міндеттемелері - осы құжатты рәсімдеу сәтіндегі тарих және мәдениет ескерткішінің жағдайын және меншік иесінің немесе пайдаланушының тарих және мәдениет ескерткішін күтіп-ұстау шарттарын белгілейтін құжат;

6) тарих және мәдениет ескерткіштері - тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне енгізілген, адамның қолымен жасалған немесе адам мен табиғаттың бірлескен туындысы болып табылатын, жекелеген құрылыстар, үйлер, ғимараттар мен ансамбльдер, тарихи-мәдени ландшафттар және басқа да көрнекті ж е р л е р ;

7) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық жұмыстар - археолог ескерткіштеріне археологиялық қазбалар мен барлаулар жүргізу жолымен дала з е р т т е у л е р і н жү р г і з у ;

8) тарихи-мәдени қорық - айрықша тарихи, ғылыми және көркемдік құндылығы бар ансамбльдер мен ескерткіштер кешендері;

9) тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары - тарих және мәдениет ескерткіштеріне жүргізілетін археологиялық жұмыстардан басқа өндірістік, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының барлық түрлері;

10) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы (бұдан былай - у ә к і л е т т і о р г а н) ;

11) тарихи-мәдени мұра объектілері - тарих, археология, сәулет, қалақұрылысы, өнер, ғылым және техника, эстетика, этнология және антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысынан құнды болып табылатын, тарихи оқиғалар нәтижесінде пайда болған сурет, мүсін, қолданбалы өнер туындыларымен, ғылым және техника объектілерімен және өзге де материалдық мәдениет нысаналарымен байланысты жылжымайтын мүлік объектілері;

12) тарихи-сәулет тірек жоспары - жылжымайтын тарих және мәдениет ескерткіштерінің және тарихи, ғылыми, көркем және мәдени құндылығы бар қайта анықталған объектілердің орналасуын тіркейтін құжат.

4-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің түрлері, оларды қорғау мен пайдалану

Тарих және мәдениет ескерткіштері осы Заңға сәйкес келесі түрлерге бөлінеді:
қалақұрылысы және сәулет ескерткіштері;
археология ескерткіштері;
ансамбльдер.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану: тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауға, зерттеуге және насихаттауға; тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін белгілеуге;

жоюдан, тағылық актілерінен, бұрмалаудан, мистификациядан, өңін айналдырудан, орынсыз өзгерістер енгізуден, тарихи түпмәтіннен алып тастаудан қорғауды қамтамасыз етуге;

жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары арқылы сақтауға және жаңғыртуға; олардың сақталуын қамтамасыз ететін нормаларға сәйкес күтіп-ұстауға; этно-мәдени ортаның жаңғыру процесінде, сондай-ақ ғылыми және тәрбиелік мақсаттарда пайдалануға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

Көзделіп отырған шаралар жүйесі Қазақстанның барлық тарих және мәдениет ескерткіштеріне, олардың түріне, сақталу дәрежесіне және меншік түріне қарамастан қолданылады." ;

4) 5 - б а п т а :

екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде "тізімінде", "тізімінен", "тізіміне" деген сөздер "Мемлекеттік тізімінде", "Мемлекеттік тізімінен", "Мемлекеттік тізіміне" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлық археология ескерткіштері, тарих және мәдениет ескерткіштерінің мәртебесін оларды анықтаған сәттен бастап алады";

бесінші абзацтағы "ерекше жағдайда (дүлей зілзала салдарынан қираған кезде)" деген сөздер "тек, объект толық жойылған және (немесе) тарихи-мәдени маңызын жоғалтқан жағдайларда" деген сөздермен ауыстырылсын, "ғылыми" деген сөз "тарихи-мәдени" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "Алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген, жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері" деген сөздер "Жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері алдын ала есепке алу тізіміне енгізіледі, және" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6) 7 - б а п т а :

үшінші бөлігіндегі "заңды ұйымдар мен азаматтардың", "мемлекетаралық" деген сөздер "жеке және заңды тұлғалар", "халықаралық" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлігіндегі "мәдени қазыналарды" деген сөздер "тарихи-мәдени мұра объектілерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 9 және 10-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Меншік құқығының объектілері

Осы Заңмен белгіленген тәртіппен тарих және мәдениет ескерткіштері деп танылған тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығының объектілері болып табылады.

10-бап. Меншік құқығының субъектілері

Қазақстан Республикасы, жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілеріне меншік құқығының субъектілері болып табылады.";

8) 1 1 - б а п т а :

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында орналасқан және басқа субъектілердің меншігі болып табылмайтын барлық тарих және мәдениет ескерткіштері Қазақстан Республикасының ерекше меншігі болып табылады";

екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы болып табылатын, ол үшін тарихи-мәдени құнды" деген сөздер "Қазақ және Қазақстан Республикасында тұратын басқа халықтардың, тарихи-мәдени құндылығы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 12-баптың бесінші бөлігі алынып тасталсын;

1 0) 1 3 - б а п т а :

бірінші бөлігінде:

2) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органына көзделіп отырған немесе болған меншік құқықтарының өзгерістері туралы хабарлау;"

4) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде уәкілетті органмен, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен келісу;" ;

б) тармақшадағы "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы

органымен" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөлігіндегі "жылжымайтын ескерткіштерін қорғау туралы құжатта" деген сөздер "қорғау міндеттемесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 14-баптың төртінші бөлігі алынып тасталсын;

12) 15-баптың үшінші бөлігіндегі "заңды ұйымдар мен азаматтар" деген сөздер "жеке және заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 16-баптың бесінші абзацы алынып тасталсын;

14) 17 - б а п т а :

төртінші және алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекет меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысының мөлшерін белгілейді;
анықтау, есепке алу, тарих және мәдениет ескерткіштері құқықтық мәртебесін беру және айыру ережелерін бекітеді;"

мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге лицензиялар беру ережесін бекітеді;
халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру тәртібін бекітеді;"

15) 18 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, қорғау, пайдалану және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстар жүргізуді қамтамасыз етеді;"

2) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақшадағы "қалпына келтіруді" деген сөздер "тарих және мәдениет ескерткіштерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мемлекет меншігі болып табылатын жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешеді;"

5) тармақша алынып тасталсын;

6) тармақшадағы "тарихи-құрылыс" деген сөздер "тарихи-сәулет" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "лауазымды адамдарды, азаматтарды, ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктерді" деген сөздер "жеке және заңды тұлғаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау және пайдалану ережелерін ұстануды қамтамасыз етеді;

14) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланылу және күтіп-ұстау тәртібін, сондай-ақ тиісті аумақтардағы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

15) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін қызметі уақытша тоқтатады немесе тыйым салады;

16) тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері мен пайдаланушыларына олардың осы Заңды бұзғандығы туралы нұсқамалар береді;

17) жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерін салуға бақылауды жүзеге асырады.";

е к і н ш і б ө л і г і н д е :

1) тармақшадағы "азаматтар мен ұйымдардың" деген сөздер "жеке және заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғалады деп жариялау туралы ұсыныстар е н г і з е д і . " ;

16) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Уәкілетті органның құзыреті

У ә к і л е т т і о р г а н :

1) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану саласында бағдарламалар әзірлейді және мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлейді және б е к і т е д і ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге лицензиялар береді;

5) тарихи-мәдени мұра объектілерінің тарих және мәдениет ескерткіштері құқықтық мәртебесін тану немесе айыру жөніндегі арнайы комиссияның жұмысын ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

б) мемлекет меншігі болып табылатын халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешеді;

7) тарихи-мәдени сараптама жүргізу ережесін бекітеді;

8) тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен басқа елді мекендердің жоспарлау, салу және қайта салу жобаларына келісім береді.";

17) 20-бап алынып тасталсын;

18) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Уәкілетті органның тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауы:

1) лицензиаттың берілген лицензияның шарттарын ұстануын мемлекеттік бақылау;

2) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды қамтиды.

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауы:

1) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйі мен күтіп ұстау тәртібін мемлекеттік бақылау;

2) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылау;

3) жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерінің салынуын мемлекеттік бақылауды қамтиды.

4. Уәкілетті орган, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды тексеріс нысанында жүзеге асырады.

5. Тексеріс түрлері:

1) жоспарлы - уәкілетті органның, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының алдын ала жоспарланған, жылына бір реттен артық емес жүргізетін тексерісі;

2) жоспардан тыс - қалыптасқан қоғамдық тәртіпке, халық денсаулығына, қоршаған ортаға, ұлттық қауіпсіздікке қауіпті жедел жоюды талап ететін әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты тағайындалатын сондай-ақ, арыз, шағым және өтініштерге жедел жауапты талап ететін тексеріс.

6. Тексеріс мерзімі нұсқама тапсырылған сәттен бастап 15 жұмыс күнінен артық болмауы тиіс."

19) 4-бөлім алынып тасталсын;

20) бесінші бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бөлім. Жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі Іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуы";

21) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау

және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуы

Жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткіштерін насихаттауға және көпшілікке танытуға қатысады, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруда облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына көмек көрсетеді.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жеке және заңды тұлғалар оларға қамқорлық белгілеуге құқылы.";

21) 23, 24-баптар алынып тасталсын;

22) 27-баптың екінші және үшінші бөліктерінде "тізімдер" деген сөз мемлекеттік тізім" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 28-баптағы "мәртебесінен" деген сөз "құқықтық мәртебесінен" деген сөздермен "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган уәкілетті комиссиялар құрады, олардың құрамына" деген сөздер "уәкілетті орган арнайы комиссия құрады, оның құрамына" деген сөздермен ауыстырылсын.

24) 7-бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бөлім. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану тәртібі";

25) 29 - б а п т а :

атауында және бірінші бөлігіндегі "тарихи-мәдени мұра объектілерін" және "тарихи-мәдени мұра объектілері" деген сөздер "тарих және мәдениет ескерткіштерін" және "тарих және мәдениет ескерткіштері" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "қала құрылысы және сәулет ескерткіштерін" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

26) 30 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "ұйымдарға, қоғамдық бірлестіктерге, кәсіпорындар мен азаматтарға" деген сөздер "жеке және заңды тұлғаларға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша осы Заңға сәйкес, пайдалануға беріледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері пайдалануға уәкілетті органның шешімі бойынша беріледі";

27) 31-бап алынып тасталсын;

28) 32 - б а п т а :

бірінші бөлігі мындай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланып отырған жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткіштерін өз сипаты мен мақсатына сәйкес пайдалану міндеттерін бұзып, соның салдарынан тарих және мәдениет ескерткішінің

жойылу немесе бүліну қаупі төнген жағдайда, тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану құқығынан айырылады." ;

екінші бөлігіндегі "пайдалану туралы шартта" деген сөздер "қорғау міндеттемесінде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

29) 33, 34, 36 және 38-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Пайдалануға берілген жерлерде орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету

Жеке және заңды тұлғалар, оларға пайдалануға берілген жерлерде орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

34-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары

Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына мыналар жатады:

1) консервация - тарих және мәдениет ескерткішін одан әрі бұзылудан сақтайтын және ескерткіштің тарихи қалыптасқан кескінін өзгертпестен сындарлы бөліктері мен сән элементтерін бекіту мен қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені. Ескерткіштің физикалық сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралардан тұратын апатқа қарсы жұмыстар консервацияның бір түрі болып табылады;

2) қалпына келтіру - ғылыми-негізделген деректердің негізінде құндылығы жоқ және ескерткіштің кескінін бұрмалайтын қабаттардан ажырату арқылы тарих және мәдениет ескерткішінің тарихи, сәулеттік-көркем кескінін сақтауды және сырын ашуды , ғимараттың, ансамбльдің, кешеннің жоғалған элементтерінің орнын толтыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

3) қайтадан жасау - тарих және мәдениет ескерткішінің жеткілікті түрде ғылыми деректері және ерекше тарихи, ғылыми, көркем немесе өзге де мәдени маңызы бар болғанда жоғалған тарих және мәдениет ескерткішін қайта қалпына келтіру жөніндегі іс - шаралар кешені ;

4) жөндеу - тарих және мәдениет ескерткішінің кескінін өзгертпестен мерзімді жұмыстар жүргізу арқылы техникалық жағдайын сақтау жөніндегі іс-шаралар кешені;

5) бейімдеу - тарих және мәдениет ескерткішін қазіргі заманда пайдалану үшін жағдай жасау мақсатында оның тарихи, көркемдік құндылықтарына және сақталуына зиян келтірмей жүргізілетін іс-шаралар кешені.

Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде уәкілетті органның, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың , астананың) жергілікті атқарушы органының бақылауымен жүзеге асырылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бюджет қаражаттары есебінен, инвестицияларды тарту, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері мен пайдаланушылары есебінен жүзеге асырылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жеке және заңды тұлғалар лицензияның негізінде жүзеге асырады." ;

"36-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтары

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін тәртіп бойынша қорғалатын аймақтар, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары белгіленеді.

Күзет аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын облыстардың тиісті жергілікті атқарушы органдары (республикалық маңызы бар қалалар, астана) анықтайды және барлық тарих және мәдениет ескерткіштерімен жаңадан анықталған объектілердің орналасуы белгіленетін тиісті елді-мекеннің тарихи-сәулеттік тірек жоспары мен сызба-картасына енгізеді.

Уәкілетті орган аталған аймақтар шегінде кез келген шаруашылық қызметті шектеуі мүмкін."

"38-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін бұзуға, орнын ауыстыруға, өзгертуге тыйым салу

Тарих және мәдениет ескерткіштерін бұзуға, орнын ауыстыруға, өзгертуге тыйым салынады.

Тарих және мәдениет ескерткішінің 70 пайыздан астам бөлігі бұзылған кезде және (немесе) тарихи-мәдени құндылығын жоғалтқан ерекше жағдайда ғана өкілетті органның арнайы комиссиясымен келісілген тарихи-мәдени сараптама қорытындысы негізінде жол беріледі:

1) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімімен;

2) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне облыстардың (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) жергілікті атқару органдарының ұсынысы бойынша уәкілетті органның шешімімен.

Мұндай шешім алған жеке және заңды тұлғалар ескерткішті бұзуды, орнын ауыстыруды немесе өзгертуді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті, ал уәкілетті орган тарих және мәдениет ескерткішін ғылыми зерделеу және белгілеу бойынша жұмыстарды жүргізуге міндетті.

Аталған жұмыстарды жүзеге асыруға байланысты шығыстар тарих және мәдениет ескерткішін бұзуға, орнын ауыстыруға немесе өзгертуге шешім алған жеке және заңды тұлғалардың есебінен жүргізіледі."

30) 39-бап алынып тасталсын;

31) 40-бапта:

атауында және бірінші бөлігіндегі "ескерткіштерге" деген сөз "ескерткіштерінде" деген сөзбен ауыстырылсын;

мәтін бойынша "рұқсат құжаттары және (немесе)", "Рұқсат құжаттары және (немесе)" деген сөздер алынып тасталсын;
екінші бөлігіндегі "археологиялық және реставрациялау" деген сөздер "археологиялық және (немесе) жөндеу-қалпына келтіру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 2) 4 2 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "лауазымды адамдар мен азаматтар" деген сөздер "тұлғалар" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "Азаматтар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер" деген сөздер "жеке және заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 3) 4 3 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "қорғау туралы" деген сөздерден кейін "және объектілерді пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацы алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Лицензиялау туралы" Заңы (1995 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; 14, 88-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жыл, N 8-9, 236-құжат; 1997 жыл, N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 жыл, N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 255-құжат; N 23, 416 құжат; N 24, 452-құжат; 1999 жыл, N 20, 721, 727-құжат; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 жыл, N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 жыл, N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжат; N 13-14, 173, 176-құжат; N 23, 321-құжат; N 24, 388-құжат; 2002 жыл, N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 жыл, N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжат; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжат; 2004 жыл, N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 жыл, N 7-8, 23-құжат; N 11, 37-құжат; N 14, 55, 58-құжат):

9-баптың 42) тармақшасындағы "ескерткішінің археологиялық және қалпына келтіру" деген сөздер "ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) жөндеу-қалпына келтіру" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Заңына 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 жыл, N 23, 143-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 жыл, N 18, 366 құжат; 1997 жыл, N 7, 79-құжат N 12, 184 құжат; 1999 жыл, N 8, 247-құжат; N 21, 782-құжат; 2001 жыл, N 10, 121-құжат; 2002 жыл, N 15, 147-құжат; 2003 жыл, N 15, 131-құжат):

34-баптың бірінші бөлігі алынып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан

Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 жыл, N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 388-құжат; 2002 жыл, N 10, 103-құжат; 2004 жыл, N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142 - құжат; 24, 144 - құжат) :

27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйі мен күтіп-ұстау тәртібін, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының орындалуын, жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерінің салынуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;" .

2-бап . Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті